



ТУРАЛЫ- ҚАЗАЛЫ

№5
(2280)
Сенбі
18 қаңтар
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ МЕН «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен мәжілісте «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасының іске асу барысы талқыланды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен облыста 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу және оның 6 900 орындық 10 мектебін 2024 жылы пайдалануға беру жоспарланған.

2023 жылы жайлы мектептер құрылысына 19,6 млрд. теңге қаржы бөлініп, «Самұрық - Қазына Констракшн» акционерлік қоғамының шотына аударылды. 2024 жылға жоспарланған 21,3 млрд. теңге игерілді. Қызылорда облысының әкімдігі мектептерге инфрақұрылым жеткізудің жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге жергілікті бюджеттен 118,4 млн. теңге бөліп, сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Одан әрі жергілікті бюджеттен 1,7 млрд. теңге қаржы бөлініп, бүгінде 10 мектептің инфрақұрылым жұмыстары толық аяқталды. Іргелес аумақтарын абаттандыру, жол салу үшін жергілікті бюджеттен 2 млрд. 80 млн. теңге бөлінді. Мердігерлер анықталып, жұмыс жүргізілуде.

Өткен жылдың қазан айында



республикада алғашқылардың бірі болып Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауынан 900 орындық мектеп ел игілігіне табысталды. Қаңтар айының басында тағы 2 мектеп пайдалануға берілді. Бүгін Қызылорда қаласы КБИ мөлтек ауданындағы 600 орындық мектеп ашылды. Жақын күндері Жаңақорған кенті Саяжай мөлтек ауданындағы 600 орындық мектеп пайдалануға беріледі. Қалған 5 мектептің құрылысы осы жылы бітеді.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасының өңірлік жоспары жасалып, ол бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде. Демеушілік есебінен Қызылорда

қаласындағы 28 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті заманауи панельмен қапталды, 20 көпқабатты тұрғын үйдің аулалары абаттандырылды.

Қызылорда қаласындағы орталық алаңды қайта жаңғыртуға демеушілік есебінен 1 млрд. теңге және облыстық бюджеттен 1 млрд. теңге қаралды. Теміржол вокзалының ғимараты мен перроны күрделі жөндеуден өткізілді. Балалардың игілігі үшін 80 ойын және спорт алаңы салынды. Жаңақорған ауданында демалыс паркі, Сырдария ауданының Нағи Илиясов ауылында «Еңбекшілер паркі» ашылды, Қармақшы ауданының «Жаңажол» ауылында орталық алаң және Жалағаш ауданының

«Таң» аулында көшелерабаттандырылып жарықтандырылды.

Облыстық бюджеттен қаралған қаражатқа 17 көпқабатты тұрғын үй аулалары, 14 спорт, ойын алаңы салынып, 7 ойын алаңы жөнделді. Демеушілер есебінен 63 көпқабатты тұрғын үй мен 2 әлеуметтік нысанның қасбеті заманауи үлгіде әрленуде. Аудандарда да көшелер абаттандырылып, ойын алаңдары мен скверлер салынуда.

Облыс орталығынан бастап барлық елді мекендегі мекеме ғимараттары, аулалар, ойын алаңдары, аялдамалар, жарық бағаналары бекітілген бірыңғай архитектуралық талапқа сәйкестендірілді.

Өңірде жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізілуде. Бүгінге дейін 1,5 млрд. теңге бөлініп, үздік атанған елді мекендерге күнделікті тұрмысқа қажетті 48 арнайы техника табысталды. Биыл 564,4 млн. теңге бөлініп, 19 коммуналдық техника сатып алынады. Өткен жылы коммуналдық сала және абаттандыру мекемелері 73 техникамен, жыл соңына дейін тағы да 33 арнайы техникамен жарақталды.

Облыс орталығында және барлық ауданда «Үздік аула» конкурсы дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілуде.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Аудандық «AMANAT» партиясы филиалының Партиялық бақылау комиссиясының биылғы жылғы алғашқы отырысы өтті. Оған комиссия төрағасы Әділбек Сарабеков төрағалық етіп, бірқатар комиссия мүшелері Zoom бағдарламасы арқылы онлайн қатысты.

Күн тәртібіне сәйкес алдымен партияның сайлауалды бағдарламасының ауданда 2024 жылға орындалу барысы туралы мәселе қаралып, партия филиалының Атқарушы хатшысы Нұрғиса Жалғасбаевтың хабарламасы тыңдалды.

Ал аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі басшысының орынбасары Сапарбек Қуатов «Жер аманаты» ко-



миссиясы мен «Ауыл аманаты» жобасының өткен жылғы орында-

луы туралы айтып берді. Сонымен қатар, осы жобалардың биылғы

жылға қалай жүзеге асырылатыны жайына тоқталды.

Отырыста комиссия төрағасы Әділбек Сарабеков комиссияның 2024 жылы атқарған жұмыстарын қортындылап, алда тұрған маңызды міндеттерді белгіледі. Атап айтқанда, аудандағы жүргізіліп жатқан құрылыс нысандарына тұрақты партиялық бақылау жүргізу, сайлауалды уәделердің орындалуын қадағалау және тағы басқа бағыттар.

Мұнан соң комиссия мүшелері партияның бағдарламалық міндеттерін тиімді орындауға және қоғаммен тығыз байланыс орнатуға бағытталған 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті.

ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІН ІРІКТЕУ ҮШІН КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазалы аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383 «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына және «Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №69 бұйрығымен бекітілген ережесіне сәйкес Қазалы аудандық қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі – жұмыс тобы) мүшелерін іріктеу жөнінде конкурс жариялайды.

Ескерту:

Қазалы ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамында мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдерінен, азаматтық қоғамнан (коммерциялық емес ұйымдардан, азаматтардан) өкілдік етудің сандық құрамы 7 (жеті) адам болып айқындалған.

Коммерциялық емес

ұйымдар және әрбір азамат бір ғана кандидат ұсынуға құқылы. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарландыруда көрсетілген мынадай құжаттарды қолма-қол береді немесе мемлекеттік органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің немесе жергілікті өкілді органның электрондық мекенжайына:

1) кандидатураны жұмыс тобының құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысын және (немесе) №1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтың өтінішін;

2) өмірбаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;

3) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама;

4) психикалық, мінез-

құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтама;

5) кандидаттың дербес деректерін жинауға, өңдеуге, таратуға және жариялауға келісімді жібереді.

Ашықтықты және объективтілікті қамтамасыз ету үшін жұмыс тобының отырысына Үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, мемлекеттік органдардың және халықаралық ұйымдардың өкілдері болып табылатын дауыс беру құқығы жоқ байқаушылар жұмыс тобының отырыстарына қатысуға жіберіледі. Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы болуға ниет білдірген адам №2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша байқаушы ретінде қатысу үшін өтінішті Қазалы аудандық мәслихатына қолма қол ұсынады немесе

электрондық поштаға (kazaly-maslihat@mail.ru) жолдайды.

Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері мен азаматтардың жұмыс тобына кандидатуралар бойынша және байқаушы болуға ұсыныстарын қабылдау уақыты: хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде, 2025 жылғы 20 қаңтардан бастап, 2025 жылғы 31 қаңтар күні аралығында күнделікті 09.00 мен 19.00 сағат (жұмыс күндері). Түскі үзіліс 13.00 мен 15.00 сағат аралығы.

«Қазалы аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің мекен-жайы: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа батыр көшесі №130 үй, «Қазалы аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі, электрондық пошта kazaly-maslihat@mail.ru, құжаттарды қабылдауға жауапты Н.Құрманбай, телефон: 79-2-80 ішкі (32-53), ұялы: 8-775-468-74-53.

Қазалы аудандық мәслихаты

Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережеге 1-қосымша	Нысан
	Кімге _____ (республикалық деңгейде мемлекеттік органның атауы немесе жергілікті өкілді органның атауы) _____ тұратын (елді мекен, көше, үй, пәтер) кімнен _____ _____ (өтініш берушінің аты, жөні, тегі (бар болған жағдайда), жеке куәлік № _____, берілді (қашан, кім))

Өтініш

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізу үшін өз кандидатурамды ұсынамын.

Мен осы өтініш арқылы "Қоғамдық кеңестер туралы" 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін.

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

- 1) _____
 - 2) _____
 - 3) _____
 - 4) _____
 - 5) _____
 - 6) _____
 - 7) _____
- 20__ жылғы "___" _____ Өтініш берушінің қолы _____

Өтініш

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы ретінде енгізу үшін өз кандидатурамды ұсынамын.

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

- 1) _____
 - 2) _____
 - 3) _____
 - 4) _____
 - 5) _____
 - 6) _____
 - 7) _____
- 20__ жылғы "___" _____ Өтініш берушінің қолы _____

Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережеге 2-қосымша Нысан

Кімге _____
(республикалық деңгейде мемлекеттік органның атауы немесе жергілікті өкілді органның атауы)

тұратын
(елді мекен, көше, үй, пәтер) кімнен _____

(өтініш берушінің аты, жөні, тегі (бар болған жағдайда), жеке куәлік № _____, берілді (қашан, кім))

(Жалғасы бар)

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға байланысты қылмыстардың алдын-алу мақсатында адам саудасына қарсы күрес жөніндегі республикалық сенім телефонының нөмірі- «11616» және «8-8000-8000-15» қызу желісі.

«Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Әйтеке би кенті бюджетінен қаржыландырылатын ұйымның жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу тәртібі мен шарттарын айқындау туралы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабының 3-тармағына және «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына сәйкес Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: 1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Әйтеке би кенті бюджетінен қаржыландырылатын «Қазалы абаттандыру» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу тәртібі мен шарттары айқындалсын. 2. Осы өкімнен туындайтын шараларды атқару «Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы Н.Таласбаевқа жүктелсін. 3. Осы шешімнің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Әйтеке би кенті әкімінің орынбасарына жүктелсін. 4. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Әйтеке би кентінің әкімі А.Абиев Әйтеке би кенті әкімінің 2024 жылғы «__» қарашадағы №__ шешіміне қосымша Әйтеке би кенті бюджетінен қаржыландырылатын «Қазалы абаттандыру» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу тәртібі мен шарттары Жалпы ережелер 1. Осы Әйтеке би кенті бюджеті есебінен қаржыландырылатын «Қазалы абаттандыру» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-мемлекеттік мекеме) жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын (бұдан әрі-үстемеақылары) белгілеудің тәртібі мен шарттары медициналық, білім және әлеуметтік салалардағы азаматтық қызметшілерін, қазыналық кәсіпорындар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметшілерін қоспағанда, Әйтеке би кенті бюджеті есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме жұмыскерлеріне ынталандыру үстемеақыларын айқындау мақсатында әзірленіп, Әйтеке би кенті бюджеті есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме жұмыскерлеріне қолданылады. Ынталандыру үстемеақыларын белгілеу тәртібі 2. Әйтеке би кенті бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын енгізу үшін Әйтеке би кенті бюджеті есебінен жүзеге асырылады. 3. Ынталандыру үстемеақысы Қазалы аудандық мәслихатының шешімімен белгіленеді. 4.Бюджеттік бағдарлама әкімшісімен ынталандыру үстемеақысын енгізу үшін ұсынылған бюджеттік өтінімі аудандық бюджеттік комиссиямен келісілген жағдайда, бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) әкімшісі басшысының не оны алмастыратын тұлғаның шешімі бойынша жүргізіледі. Ынталандыру үстемеақыларын белгілеу шарттары 5. Ынталандыру үстемеақыларын белгілеу шарттары: 1) Мемлекеттік мекеменің немесе оның жекелеген бөлімшелерінің одан әрі қалыпты (үздіксіз) жұмыс істеуі оның шұғыл орындалуына байланысты болатын кезек күттірмейтін және алдын ала күтілмеген жұмыстарды орындау; 2) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарын сақтау болып табылады. 6. Жұмыскерлерге: 1) оның алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде; 2) тиісті мекемеде бір айдан кем жұмыс істеген болса; 3) сынақ мерзімінен өту кезеңінде ынталандыру үстемеақысы берілмейді. ЖОБА Әйтеке би кенті бюджетінен қаржыландырылатын ұйымның жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу туралы «Азаматтық қызметшілерге мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсанындағы №1193 қаулысына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: 1. Әйтеке би кенті бюджетінен қаржыландырылатын «Қазалы абаттандыру» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақылары келесідей лауазымдарға белгіленсін: 1) басқарушы персонал 7 (жеті) еселенген базалық лауазымдық айлықақыдан (бұдан әрі –БЛА) артық емес; 2) әкімшілік персонал 4 (төрт) еселенген БЛА артық емес; 3) қосалқы персонал 3 (үш) еселенген БЛА артық емес; 4) біліктілік разрядтағы барлық қызметкерлер 3 (үш) еселенген БЛА артық емес. 2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі. Лауазымы Аты-жөні	Об определении порядка и условий установления стимулирующих надбавок к должностным окладам работников организации, финансируемой из бюджета поселка Айтеке би В соответствии с пунктом 3 статьи 37 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года №1193 «О системе оплаты труда гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий», Аким поселка Айтеке би, Казалинского района ПРИНЯЛ РЕШЕНИЕ: 1. Определить порядок и условия установления стимулирующих надбавок к должностным окладам работников коммунального государственного учреждения «Қазалы абаттандыру», финансируемых из бюджета поселка Айтеке би, согласно приложению к настоящему решению. 2. Исполнение мер, вытекающих из настоящего распоряжения, возложить на главного специалиста коммунального государственного учреждения «Аппарат акима поселка Айтеке би» Таласбаеву Н. 3.Контроль за исполнением настоящего решения возложить на курирующего заместителя акима поселка Айтеке би. 4. Настоящее решение вводится в действие со дня подписания. Аким поселка Айтеке би А.Абиев Приложение к решению Акима поселка Айтеке би №__ от «__» ноября 2024 года Порядок и условия установления стимулирующих надбавок к должностным окладам работников коммунального государственного учреждения «Қазалы абаттандыру», финансируемого из бюджета поселка Айтеке би Общие положения 1. Порядок и условия установления стимулирующих надбавок к должностным окладам работников коммунального государственного учреждения «Қазалы абаттандыру» (далее-государственное учреждение), финансируемых за счет бюджета поселка Айтеке би (далее-надбавки), за исключением гражданских служащих в медицинской, образовательной и социальной сферах, служащих казенных предприятий и субъектов квазигосударственного сектора разработаны в целях определения стимулирующих надбавок работникам государственных учреждений, и распространяется на работников государственных учреждений, финансируемых за счет средств бюджета поселка Айтеке би. Порядок установления стимулирующих надбавок 2.Внесение стимулирующих надбавок к должностным окладам работников государственных учреждений, финансируемых из бюджета поселка Айтеке би, осуществляется за счет бюджета поселка Айтеке би. 3.Стимулирующая надбавка устанавливается решением Казалинского районного маслихата. 4.Бюджетная заявка, представленная администратором бюджетной программы для введения стимулирующей надбавки, производится по решению руководителя Администратора бюджетной программы (под-программы) либо лица, его замещающего, в случае согласования с районной бюджетной комиссией. Условия установления стимулирующих надбавок\ 5. Условия установления стимулирующих надбавок: 1) выполнение неотложных и непредвиденных работ, дальнейшее нормальное (непрерывное) функционирование Государственного учреждения или его отдельных подразделений которых зависит от его срочного выполнения; 2) соблюдение требований Трудового кодекса Республики Казахстан. 6. Сотрудникам: 1) при наличии у него невыплаченного дисциплинарного взыскания; 2) проработали в соответствующем учреждении менее одного месяца; 3)стимулирующая надбавка в период испытательного срока не выплачивается. ПРОЕКТ Об установлении стимулирующих надбавок к должностным окладам работников организации, финансируемой из бюджета поселка Айтеке би В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года №1193 «О системе оплаты труда гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий», Казалинский районный маслихат ПРИНЯЛ РЕШЕНИЕ: 1.Установить размеры стимулирующих надбавок к должностным окладам работников коммунального государственного учреждения «Қазалы абаттандыру» финансируемых из бюджета поселка Айтеке би, на следующие должности: 1) управленческий персонал - не более 7 (семи) кратного размера базового должностного оклада (далее-БДО); 2) административный персонал - не более 4 (четырёх) кратного размера БДО; 3) вспомогательный персонал и рабочий - не более 3 (трех) кратного размера БДО; 4) все работники квалификационного разряда - не более 3 (трех) кратного размера БДО; 2. Настоящее решение вводится в действие со дня подписания. Должность ФИО
---	---

Әйтеке би кенті бюджетінен қаржыландырылатын ұйымның жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақыларын белгілеу туралы Қазалы аудандық мәслихатының шешім жобасына ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА		
№	Түсіндірме жазбада көрсетілуі тиіс мәліметтердің тізбесі	Әзірлеуші-мемлекеттік органның ақпараты
1	Әзірлеуші мемлекеттік органның атауы	«Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2	Тиісті құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Президенттің, Президент Әкімшілігі, Үкімет және Үкімет Аппараты басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдау үшін негіздемелер және/немесе оны қабылдау қажеттігінің басқа да негіздемелері	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысының 5-тармағы
3	Жоба бойынша қаржы шығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тиісті есеп-қисаптар, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі)	Жергілікті бюджет
4	Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдар, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы	Халықтың табысын арттыру
5	Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері	Жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақыларын белгілеу
6	Жобада қаралатын мәселелер бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер	Талап етілмейді
7	Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талап етілетін-етілмейтінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы	Талап етілмейді
8	Нормативтік құқытық актінің жобасын мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы ақпарат (күні, байт саны)	Қазалы ауданы әкімдігінің интернет-ресурс сайтында 13.01.2025 ж. орналастырылды. Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына 05.12.2024 ж. жарияланды.
9	Әлеуметтік маңызы бар нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбаны уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру туралы ақпарат	Қазалы ауданы әкімдігінің интернет-ресурс сайтында 13.01.2025 ж. орналастырылды.
10	Нормативтік құқықтық акті жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі	Талап етілмейді
11	Нормативтік құқықтық акті жобасының қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығынының азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есеп-қисаптар нәтижелері	Талап етілмейді
Лауазымы		Аты-жөні

•Еске алу



АЯУЛЫ АЗАМАТ ЕДІ

Жәнібек Нағыметұлы Нағыметов 2024 жылдың 23 желтоқсанында 74 жасында дүниеден өтті. Ол Қызылорда облысы, Арал ауданы, «Ақирек» ауылдық округіне қарасты Бекбауыл ауылында дүниеге келгенімен Қазалыда мектепте оқып, еңбек жолын бастады. 1967-1969 жылдары мектепте мұғалім болды. 1969-1971 жылдары әскери борышын өтеді. 1971-1976 жылдары Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технологиялық институтында оқып тамамдады. Мұздатқыш қондырғыларының инженері мамандығын меңгерді. 1976-1983 жылдары аудандық тұтынушылар одағында мұздатқыш қондырғыларының механигі, 1983-1985 жылдары өндіріс инженері қызметінде болды. 1985-1987 жылдары мал сою пунктінің директоры қызметіне тағайындалды. 1987-1995 жылдары Қазалы аудандық тұтынушылар одағына қарасты тәтті тағамдар өнімдері комбинатының директоры қызметіне жоғарылады. 1995-2002 жылдары Қазалы тұтынушылар одағының нан заводының директоры қызметін атқарды. 2002-2004 жылдары Алматы «Бройлер» құс фабрикасы директорының орынбасары қызметіне ауысты. 2004-2013 жылдары «Ауыл» партиясының орталық аппаратының басшысы қызметін атқарып, зейнет демалысына шықты. Жәнібек Нағыметов жұбайы Гүлбану Қабылова екеуі 3 қыз, 1 ұлды тәрбиелеп, олардан 8 немере мен 3 шөбере сүйді. Ардақты азамат Жәнібек Нағыметұлы ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 қарашадағы Жарлығымен «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен, «Ауыл» партиясына 10 жыл» мерекелік медалімен, тағы басқа да мадақтаулармен марапатталды. Осындай аяулы азаматтан мәңгілікке айырылып қалып отырмыз. Ардақты азамат Жәнібек Нағыметұлының жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Пейіштің төрінен орын алсын.

Еске алушылар:
Бауырлары

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. ДИРЕКТОР Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ БАС РЕДАКТОР Раушанбек СЕЙТЕНОВ	Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген	Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды. Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй. Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты. E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru Таралымы 11227 дана.
---	--	---